

БЕКІТЕМІН

«М.Х. Дулати атындағы

Тараз университеті» КеАҚ

Басқарма Төрағасы – Ректор

М. Байжұманов

« 09 » 2025 ж.






М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Тіркеу № _____

ТАРАЗ 2025

© «Дулати университеті» Ке АҚ зияткерлік меншігі болып табылады. Қайта басуға және/ немесе одан әрі үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады.

АЛҒЫ СӨЗ

1. ӨЗІРЛЕНГЕН	Ғылыми кеңес хатшысы	 /қолы/	15.09.2025ж.
2. ЕНГІЗІЛДІ	Ардагерлер кеңесімен		
3. ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІП	3 жыл		
4. ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ	М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті Ардагерлер бастауыш ұйымының ережесі (Ф ТарГУ 11/12.34-2018 №1 баспа, 05.05.2018)		
5. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ	"М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті" КеАҚ Басқарма Төрағасы - Ректоры бекіткен "19" 09 2025ж. Хаттама № 1		
7. КЕЛІСІЛДІ	Басқарма мүшесі - Әлеуметтік – мәдени даму жөніндегі проректор А.Тұрлыбек	 /қолы/	17.09.2025ж.
	Стратегиялық даму басқармасының басшысы Ж.Дарибаев	 /қолы/	17.09.2025ж.
	Заң қызметінің басшысы М.Қайназарова	 /қолы/	17.09.2025ж.
	Кәсіподақ төрағасы Б.Хусайынов	 /қолы/	17.09.2025ж.

Бұл құжат М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті ректорының рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшірілмейді, көбейтілмейді және таратылмайды.

МАЗМҰНЫ

1. Қолданылу саласы.....	4
2. Нормативтік сілтемелер.....	4
3. Жауапкершілік және өкілеттілік.....	4
4. Жалпы ережелер.....	4
5. Ардагерлер кеңесінің қызметі.....	5
6. Кеңестің мақсаты мен міндеттері.....	5
7. Ардагерлер кеңесінің құрамы және оны сайлау тәртібі.....	5
8. Кеңестің қызметінің тоқтатылуы.....	7
9. Ережеге өзгертулер мен толықтырулар енгізу.....	7
Қосымшалар.....	8

1. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

Осы Ереже «М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті» КеАҚ Ардагерлер кеңесінің жұмыс тәртібін белгілейді. Ереже Ардагерлер кеңесінің өз жұмысын, оның мүшелері арасында міндеттерді бөлуді, мәжілістерді ұйымдастыруды және қабылданған шешімдердің орындалуын қамтамасыз етуді реттейді.

Бұл ереже Дулати университетінің СМЖ құжаттамасының құрамына кіреді.

2. НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР

Аталған ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

Конституция	Қазақстан Республикасының Конституциясы
Заң	ҚР 06.05.2020 ж. №322-VI ҚРЗ «Ардагерлер туралы» Заңы
Заң	ҚР қоғамдық бірлестіктер туралы заңы. Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 31 мамырдағы № 3 Заң
Жарғы	"М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті" КеАҚ Жарғысы
Ереже	М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің Ардагерлер кеңесі туралы ережесі

3. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

3.1. Дулати университеттің осы ережесі М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің Басқарма Төрағасы - Ректорымен бекітіледі.

3.2. Осы ереженің рәсімделуі УСТ 01 «Құжатталған ақпаратты басқару» стандартына сәйкестігі үшін құжатты әзірлеуші жауапты болады.

3.3. Осы құжатқа мониторинг және бақылауды жүргізу бойынша жауапкершілік Ардагерлер кеңесінің хатшысына жүктеледі.

3.4. Осы құжатты әзірлеу, ресімдеу, келісу және бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер енгізу УСТ 01 стандартына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

3.5. Құжатқа енгізілген СМЖ өзгерістері «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс.

3.6. Осы құжаттың университеттегі жұмысшы нұсқасын сақтау, көшіру, сайтта орналастыру және пайдаланушыларға тарату жауапкершілігі құжатты әзірлеушіге жүктеледі.

3.7. Осы ереженің университеттегі бақылау данасын Аккредитация, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөлімінде сақтау жауапкершілігі бөлім басшысына жүктеледі.

4. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1. «М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті» КеАҚ Ардагерлер кеңесі (бұдан әрі – Кеңес) теңдік, өзін-өзі басқару, заңдылық пен жариялылық, алқалылық, объективтілік және академиялық адалдық қағидаттары негізінде жұмыс істейтін зейнеткерлер мен ардагерлердің ерікті қоғамдық бірлестігі болып табылады.

4.2. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Ардагерлер туралы» Қазақстан Республикасының 06.05.2020 жылғы № 322-VI ҚР Заңын, Қазақстан Республикасының қоғамдық бірлестіктер туралы қолданыстағы заңнамасын, «М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті» КеАҚ Жарғысын және университеттің Басқарма Төрағасымен бекітілген осы Ережені басшылыққа алады.

4.3. Ереже бекітілген күннен бастап өз күшіне енеді.

4.4. Ардагерлер кеңесі университет ардагерлерінің қоғамдық ұйымының сайланбалы алқалы атқарушы органы болып табылады.

5. АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІ

5.1. Кеңестің қызметі жыл сайын бекітілетін жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Жұмысты жоспарлауға Кеңес мүшелерінің барлығы белсене атсалысып, әр адамның ұсыныс-пікірлері ескеріледі. Кеңес мәжілістері осы Ережеге сәйкес тұрақты түрде өткізіліп тұрады.

5.2. Кеңес мәжілісі әр жарты жылда (семестр) бір рет өткізіледі. Қажет болған жағдайда мәжіліс жоспардан тыс өткізіледі. Жиналыс дауыс беру арқылы көпшілік дауыспен шешімдер қабылдайды. Дауыс беру ашық дауыс беру арқылы айқындалады. Шешімдер хаттамамен рәсімделеді және университет басшылығына ұсыныс сипатында беріледі.

5.3. Кеңес мәжілісіне университет басшылығының, кәсіподақ комитеттерінің өкілдері, басқа университет қызметкерлері шақырылып, оның жұмысына қатыса алады.

6. КЕҢЕСТІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1. Университет жұмысын жақсартуға белсенді қатысу.

6.2. Ғылыми кеңеске және Басқармаға университет қызметіне қатысты өзекті және перспективті мәселелер бойынша ұсыныстар енгізу.

6.3. Университеттің, факультеттердің және құрылымдық бөлімшелердің қоғамдық қызметіне, студенттерге патриоттық, кәсіптік-еңбек, азаматтық-құқықтық және мәдени-адамгершілік тәрбие беруге қатысу.

6.4. Еліміздің және университет тарихындағы есте қаларлық және атаулы даталарға арналған лекцияларға, пікірталастарға, экскурсияларға және басқа да іс-шараларға қатысу.

6.5. Университет пен қоғамды өз қызметі туралы ақпараттандыру, Кеңестің мақсаттары мен міндеттері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

6.6. Мемлекеттік органдармен, еңбек ұжымдарымен, оқу орындарымен, ардагерлер және қоғамдық ұйымдармен, кәсіпкерлік құрылымдармен байланыс орнатуға қатысу.

7. АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ОНЫ САЙЛАУ ТӘРТІБІ

7.1. Кеңес құрылымдық бөлімшелер/факультеттер басшыларының ұсынуы бойынша еңбек және университет ардагерлері, оның ішінде университетте

жұмыс істеген зейнеткерлер арасынан сайланады.

7.2 Университеттің ардагерлер кеңесі мүшелерінің саны шектелмейді. Қажет болған жағдайда Кеңес жеке істер бойынша және өзге де себептер бойынша кеңес мүшесін ауыстыру туралы шешім қабылдай алады.

7.3. Университет ардагерлер кеңесінің төрағасы лауазымына келесі біліктілік талаптарына сәйкес келетін үміткерлер өтініш бере алады:

- университетте жұмыс өтілі 15 жылдан кем емес үміткер;
- университеттің ардагерлер кеңесіне құжаттарды тапсыру кезінде үміткердің жасы 75-тен аспауы керек.

7.4. Кеңес Төрағасы ардагерлер кеңесінің мүшелері арасынан 3 жылға сайланады. Сайлау ашық дауыс беру арқылы өтеді. Дауыс беруге қатысқандардың 50 пайыздан астам дауысын алған кандидат сайланған болып саналады.

7.5. Төраға Кеңестің ағымдағы қызметіне басшылық жасайды, мүшелер арасында міндеттерді бөледі, мәжілістерді ұйымдастырады және басқа құрылымдармен өзара әрекеттеседі. Мемлекеттік, қоғамдық және басқа да ұйымдармен қарым-қатынаста Кеңес өкілі қызметін атқарады. Ардагерлер кеңесі атынан құжаттарға қол қояды.

7.6. Төраға жыл қорытындысы бойынша жұмыс жоспарының орындалуы туралы есеп береді.

7.7. Іс қағаздарын жүргізуді ардагерлер кеңесінің мүшелері арасынан тағайындалатын ардагерлер кеңесінің хатшысы жүзеге асырады. Ол болмаған жағдайда Кеңес төрағасының шешімі бойынша ардагерлер Кеңесі хатшысының функцияларын орындау үшін Кеңестің басқа мүшелері шақырылуы мүмкін. Хатшы кеңестің жалпы отырыстары мен ардагерлер кеңесі мәжілісінің хаттамаларын ресімдейді, жиналысқа түскен ардагерлердің жазбаша және ауызша өтініштерін тіркейді, олардың уақтылы қаралуын бақылауды қамтамасыз етеді, өтініш берушілерге қабылданған шаралар туралы хабарлайды, ардагерлер кеңесінің құжаттамасының сақталуын қамтамасыз етеді.

7.8. Кеңес мүшелерінің құқығы:

- Кеңес сайлауына қатысу;
- Кеңес өткізетін барлық іс-шараларға қатысу;
- университет қызметіне қатысты кез келген мәселелерді талқылауға қатысу және ұсыныстар/ұсынымдар беру;
- Кеңеске мүшелік жеке тұлғаның өз өтініші бойынша тоқтатылады.

7.9. Кеңес мүшелері міндетті:

- осы Ереженің талаптарын сақтау;
- жалпы жиналыстың және Кеңес шешімдерін орындау;
- Кеңестің қызметіне белсенді қатысу;
- университет ардагерлерінің беделін жан-жақты нығайту және арттыру.

8. КЕҢЕС ҚЫЗМЕТІНІҢ ТОҚТАТЫЛУЫ

8.1. Кеңестің қызметін тоқтату оны қайта ұйымдастыру немесе тарату арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

9. МҮМКІН БОЛАТЫН ӨЗГЕРІСТЕР

9.1. Осы Ережеге қажет болған жағдайда өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

9.2. Өзгертулер мен толықтырулар Кеңес ұсынысы бойынша университеттің Басқарма шешімімен бекітіледі.

А Қосымшасы

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

[illegible]

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

[illegible]